

САБАҚ **2** Иса – Уәде Етілген Мәсіх

Уәде – біздің өміріміздің бір бөлігін құрайды. Ата-аналар балаларына бірдеңе істеуге уәде береді. Саясаткерлер, кәсіпкерлер және достарымыз да уәделерін үйіп-төгеді. Біздің барлығымыз да өзімізге әлдебіреудің берген уәделерінің орындалуын күтуді бастан кешіргенбіз. Кейде бізге ұзақ уақыт сарғайып күтуге тура келетін! Ал кейде көңіліміз қалған кездер де болды.

Құдай да бізге уәделер берген. Иса осы дүниеге келгенге дейін бірнеше ғасыр бұрын Жаратқан Ие Мәсіхтің, яғни Майланғанның, келетіндігіне уәде берген. Осылайша Құдай Өзінің пайғамбарлары арқылы Сол адамды және Оның не істей алатынын жеткізген.

Иса бұл дүниеге келгенде, осы пайғамбарлық сөздерді білген адамдардың көпшілігі өте маңызды бір нәрсені аңғарды. Олар Исаның айтқаны мен істегенінің сол пайғамбарлық сөздерге дәлме-дәл сай келетіндігін байқады. Олар Құдай жіберемін деп уәде еткен сол Мәсіхтің Исаның Өзі екенін түсінді. Жаратқан Ие Өз уәдесінде тұрды!

Осы сабақта сіз Иса туралы айтылған алуан түрлі пайғамбарлық сөздер туралы оқисыз. Сіз Ол туралы алдын ала айтылған тамаша пайғамбарлық сөздерді табасыз.

Сіз осы сабақта келесі тақырыптарды оқып-білесіз

А. Киелі Кітаптағы пайғамбарлық сөздерді түсіну.

Ә. Мәсіх туралы ақиқаттарды оқып білу.

Осы сабақтың мақсаты

1. Киелі Кітаптағы пайғамбарлық сөздердің түрлерін атап шығыңыз.
2. Киелі Кітаптағы Мәсіхке қатысты пайғамбарлық сөздерді Исаның іске асыруының бірнеше әдісін анықтаңыз.

А. КИЕЛІ КІТАПТАҒЫ ПАЙҒАМБАРЛЫҚ СӨЗДЕРДІ ТҮСІНУ

Мақсат 1. Киелі Кітаптағы пайғамбарлық сөздердің түрлерін атап шығыңыз.

Киелі Кітаптағы пайғамбарлық сөздер – бұл Жаратқан Иенің Өз адамдарына Өз пайғамбарлары арқылы берген сөздері. Олар арқылы Құдай Өз адамдарының дұрыс іс-әрекет еткенін қалайтынын жеткізіп, әрі оларға болашақта болатын көптеген оқиғаларды білдіріп отырған.

Құдай пайғамбарларды Өзі берген аяндарды жазуға рухтандырды. Қазір сол аяндар Киелі Кітапта бар. Олардың болашақ оқиғаларды болжауы Киелі Кітапты басқа діндер құрметтейтін жазбалардан ерекше етеді. Осы пайғамбарлық сөздердің көпшілігі егжей-тегжейіне дейін орындалып та қойды. Бұл пайғамбарлық сөздердің көбінің тарихи орындалуы Киелі Кітапта бар. Олардың бірқатары қазір де орындалып жатыр. Қалғандары болашақта орындалатын болады.

Пайғамбарлық сөздер маңызды

Киелі Кітаптағы пайғамбарлық сөздердің орындалуы Киелі Кітаптың Құдай Сөзі болып табылатындығын көрсетеді. Ол болмаса, болашақтың әр бөлшегін кім білер еді және бірнеше ғасырлар өткеннен кейін белгілі бір адамдармен белгілі бір орында және белгілі бір уақытта не болатынын кім баяндап бере алар еді? Құдай Киелі Кітапты Өзі рухтандырғанын, Өз мақсатын күні бұрын жариялады, содан кейін солардың барлығын Өзінің пайғамбарлары арқылы айтқандай етіп орындауы арқылы растап берді.

Көне Келісімде берілген Құтқарушының келуі туралы пайғамбарлық сөздердің маңыздылығының үш себебі бар:

1. Біз Исаның өмірін осы пайғамбарлық сөздермен салыстыра аламыз және Оның уәде етілген Құтқарушы екенін көре аламыз.
2. Пайғамбарлық сөздер арқылы біз Иса кім екенін және Оның неліктен келгенін жақсырақ түсінеміз. Бізге Оның бұрынғы, қазіргі және болашақтағы қызметтері көрсетілген.
3. Біз Құдайдың Өз уәделерін орындайтынын көре аламыз. Иса туралы айтылған пайғамбарлық сөздердің бірінші бөлігі сол пайғамбарлық сөздерге сәйкес толығымен орындалғандықтан, болашақ туралы пайғамбарлық сөздер де дәл солай орындалады.

Тапсырма

- 1** Болашақтағы оқиғалар жайындағы Киелі Кітаптағы пайғамбарлық сөздер, бұл –
 - а)** пайғамбарлар аруақтардан алған хабарлар болып табылады.
 - ә)** жұлдыздарды зерттеу арқылы алынған болашақ туралы болжамдар.
 - б)** Құдай Өзінің пайғамбарлары арқылы берген аяндар.

- 2** Болашақтағы Мәсіх туралы пайғамбарлық сөздер маңызды, өйткені олар
- а)** Құдай Өз уәделерін орындайтындығын дәлелдейді.
 - ә)** Киелі Кітап заманындағы саяси жағдайды баяндайды.
 - б)** құрамына көптеген қызықты суреттер мен белгілерді енгізеді.



Мәсіх туралы пайғамбарлық сөздер біртіндеп берілген

Біз Құтқарушы туралы пайғамбарлық сөздерді мәсіхшілік пайғамбарлық сөздер деп атаймыз. Бұл, Майланған деген мағынаны білдіретін еврейдің Мәсіх деген атауынан шығады. Құдайдың тандап алғанын және Өз қызметіне арнап бөліп алғанын көрсету үшін бас діни қызметкерлерді, пайғамбарлар мен патшаларды маймен майлаған. Келе жатқан Мәсіх Құдайдың қызметін атқару үшін Құдайдың Киелі Рухымен майлануы қажет еді. Ол Пайғамбар, Бас діни қызметкер және Патша болуға тиіс болатын. Мәсіх дегенді білдіретін грек сөзі Христос болып табылады. Иса Мәсіх туралы сөз қозғағанда, біз Исаны Майланған, мәсіхшілік пайғамбарлық сөздердің орындалуы деп атаймыз.

Мәсіх жөніндегі Құдайдың уәделері Оның адамдарына әр түрлі кезеңдерде, 4000 жылдан астам уақыт аралығында беріліп келді. Олардың кейбіреулері Исаның біздің Құтқарушымыз ретінде жерде атқаратын қызметтерін суреттейді. Өзгелері Оның болашақтағы мәңгілік Патшалығын көрсетеді. Олардың кейбіреулері нақты жағдайлар туралы хабарламаларда берілді, бірақ та келе жатқан Мәсіхке қатысты мәселелердің шегінен шығып кетті.

Уақыт өте Құдай келе жатқан Мәсіх туралы – Оның қайда туылатыны, Оның қалай өлетіні, Оның қандай істерді орындайтыны туралы көбірек анықтама бере бастады. Киелі Кітапты зерттеген кейбір студенттер Көне Келісімнің пайғамбарлық сөздерінен Мәсіх туралы 330 нақтылы орындарды санады. Құдай Ол келген кезде, баршаның Мәсіхті танығандығын қалаған.

Тапсырма

3 «Мәсіх» сөзі мынаны білдіреді:

- а) Майланған
- ә) Басып алушы
- б) Құрбандық

4 Құдай Мәсіх туралы пайғамбарлық сөздерді . . . берді

- а) Мәсіх туылғаннан 4000 жылдан аса уақыт бұрын
- ә) 4000 жылдан астам уақыттағы әр түрлі оқиғалар тұсында
- б) 4000 жыл бұрын өмір сүрген пайғамбарлардың біріне



Рәсімдер Мәсіхті суреттеді

Құдай халқының Көне Келісімде қолданған табыну рәсімдерінің өзі пайғамбарлық болып табылады. Құдай адамдарды күнәларынан құтқару үшін Өз өмірін құрбан етуге келе жатқан Мәсіхтің бейнесін көрсететін тұтастай бір құрбандық шалу жүйесін белгіледі. Бас діни қызметкерлер атқарған міндет Исаның бүкіл адамзаттың мінсіз Бас діни қызметкері ретінде не істейтінін көрсетті.

Жаңа Келісімдегі «Еврейлерге арналған хат» кітабы Исаның Көне Келісімдегі табыну рәсімдерін суреттейтін пайғамбарлық көрініске дәлме-дәл сәйкес келетіні жөнінде баяндайды.

Бүгінгі таңда Құдай адам күнәға батқаннан кейін белгілеген пайғамбарлық салттардың, рәсімдер мен құрбандық шалудың

іздерін біз бүкіл әлемнен таба аламыз. Көптеген діндердің табыну ережелерінде Исаға нұсқайтын осы белгілердің бірқатары бар. Өз рәсімдерінің шынайы мақсатын білу үшін осы діндердің өкілдеріне Киелі Кітапты оқыған жөн болады.

Тапсырма

- 5 Өз аймағыңызда қолданылатын құрбандық шалудың қандай да бір салттарын білесіз бе? Олар нені білдіреді?
- 6 Көне Келісім рәсімдерінің символдық көрінісіне Исаның қалай сіңіп кететіндігін білудің ең жақсы тәсілі мынау болып табылады:
 - а) сіздің ауданыңызда қолданылатын діндер туралы ойлау.
 - ә) Киелі Кітаптағы Мәсіх туралы жазған пайғамбарлардың аттарын жаттап алу.
 - б) Жаңа Келісімдегі «Еврейлерге арналған хат» кітабын оқу.



Ә. Мәсіх туралы Ақиқаттарды Оқып Білесіз


Мақсат 2. Киелі Кітаптағы Мәсіхке қатысты пайғамбарлық сөздерді Исаның іске асыруының бірнеше әдісін анықтаңыз.

Көне Келісім пайғамбарлары Мәсіх туралы көптеген маңызды жайттарды болжаған. Осылардың бесеуі сіздің сабағыңыздың осы тарауында баяндалған.

Адамдық және Құдайлық болмыс

Біз Мәсіх туралы бірінші уәдені Киелі Кітаптың бірінші кітабынан табамыз. Құдай Оны әйелдің Ұрпағы деп атайды. Ол әйелден туатын болады. Адам Ата мен Хауа Ана – алғашқы еркек пен әйел – күнә жасады. Ал шайтан, Құдайдың дұшпаны,

оларды Құдайға мойынсұнбауға азғырды. Бұл оларды Құдайдан алшақтатты, осылайша олар шайтанның билік етуіне жол берді. Бірақ шайтанмен күресіп, оның билігін күл-талқан ететін Құтқарушы туылады деп Құдай уәде берді. Құдай шайтанға былай деді: «Әйел екеуінді, сенің ұрпағың мен оның ұрпағын өзара өштестіріп қоямын. Әйелдің ұрпағы басыңды мыжып, ал сен оның өкшесін шағатын боласың» (Жар 3:15).



Одан кейінгі ғасырларда Құдай Өз халқына Құтқарушы туралы көбірек мәлімет берді. Ол Бетлехемде, қазір Палестина деп аталатын жерде дүниеге келеді. Әйткенмен Ол қарапайым адам болмайды. Ол мәңгілік болады. Ол әрқашан да болған, алайда жерге адамның баласы секілді дүниеге келіп, өсе келе Исраилдің патшасы болу үшін туылды. Миха былай деп пайғамбарлық сөз айтқан:

«Ал сен, Ефрата аймағындағы Бетлехем, Яһуданың әулеттерінің арасындағы маңызсызы болсаң да, сенен Менің халқым Исраилге басшылық ететін Көсем шығады. Оның шыққан тегі ежелгі заманнан, мәңгіліктен» (Мих 5:2).

Ефрата аймағындағы Бетлехем (Жар 35:19; 48:7) дегеніміз Ефрата (Рут 4:11) аймағында орналасқан Бетлехем атты ауыл. Билер кітабында Яхуда жеріндегі Бетлехем деп аталады (17:7). Нақты орнын атап өту маңызды, өйткені Бетлехем Израилдің басқа руларының да аумағында болған (Еш 19:15), бірақ осы Бетлехем деген ауыл Ефрата қаласына жақын, Яхуда жерінде болған.

Иса туылғанға дейін шамамен 700 жыл бұрын Құдай Ишая пайғамбарға келе жатқан Құтқарушының бір мезгілде адам да, Құдіретті Құдай да болатындығын көрсетіп берді. Ол осы жерде әкесіз, пәк қыздан туылады. Оның лауазымдарының бірі «Құдай бізбен бірге» дегенді білдіретін Имануил болады.

«Ендеше Тәңір Иенің Өзі сендерге осыны істейтіндігін дәлелдейтін керемет жасайды. Біліп алындар, пәк қыз құрсақ көтеріп, ұл туады. Оған Имануил (яғни «Құдай бізбен бірге») деген ат қояды» (Иш 7:14).

«Себебі Сәби дүниеге келді, біз үшін осы Ұл сыйға берілді! Билік Оның қолында қала береді: Ол «керемет ақылды Кеңесші, Құдіретті Құдай, Мәңгілік Әке, Тыныштықты сыйлайтын Әмірші» деп те аталатын болады» (Иш 9:6).

Матай мен Лұқа жазған Ізгі хабарлардан сіз Исаның өмірге келуі туралы оқи аласыз. Ол жер бетінде Мәриям атты пәк қыздан дүниеге келді. Бұл Құдайдың күшімен, Киелі Рух арқылы, іске асты. Әрі Адам, әрі Құдай, Ол Имануил – Құдай бізбен бірге. Исаның жердегі соңғы сөздеріне назар аударыңыз: «Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын!» (Мат 28:20).

Тапсырма

- 7** Біз Исаның Көне Келісімде болжау жасалған «Имануил» екендігін білеміз, өйткені Ол
- а) Ефрата аймағындағы Бетлехемде туылды.
 - ә) Киелі Рух арқылы бойға бітті.
 - б) ұлы да дана ұстаз болды.



Құрбандық және Құтқарушы

Құдай бірнеше пайғамбарға Құтқарушының Өз өмірін біздің күнәларымыз үшін құрбандыққа беретінін көрсетті. Иса дүниеге келгенге дейін адамдардың күнәлары үшін жануарлар құрбандыққа шалынды. Күнәкар адам қозыны немесе лақты Бас діни қызметкерге өлтіру және құрбандық үстелінде өртеу үшін алып келетін.

Ишая пайғамбардың 53 тарауы Құдайдың Құтқарушыны біздің күнәларымыз үшін құрбандық ететінін, бірақ кейінірек Оның қайта тірілетінін суреттеп берген. Иса – біздің күнәларымыз үшін төленетін құрбандық және біздің Құтқарушымыз. Пайғамбарлар Оны жақын досының қашан, қайда және қалай сатып кететіні туралы, жалған айыпталатыны, абақтыға жабылатыны, азапқа салынатыны, мазақ етілетіні, Оны дүрелейтіні және айқыш ағашқа шегеленетіні, сондай-ақ жерленетіні туралы айтып кетеді. Бірақ Ол қайта тіріледі.

Тапсырма

- 8** Біз Көне Келісімдегі күнә үшін құрбандық шалу рәсімдерінің барлығы Исаның құрбандығы арқылы толығымен орындалғанын білеміз, өйткені Ол...
- а) біз үшін өлді.
 - ә) көптеген игілікті істер істеді.
 - б) бізге Құдай туралы айтып берді.



Пайғамбар, Бас діни қызметкер және Патша

Көне Келісімнің пайғамбарлық сөздері Пайғамбар, Бас діни қызметкер және Патша болу үшін Мәсіхтің Құдай Рухымен майланатынын көрсетеді. Пайғамбар ретінде Ол біз үшін Құдайдың бізге сөйлеген үні болып табылады. Бас діни қызметкер ретінде Құдайдың алдындағы біздің үніміз болады. Патша ретінде бізге көмектесетін және бізді алға жетелейтін Құдайдың қолы болады. Ол біз үшін дұрыс өмір сүрудің үлгісі болады және біздің өмірімізде Құдайдың жетелеуін іске асырады.

Иса Өзінің көпшілік алдында қызмет етуін бастаған кезде, Киелі жазбадан Мәсіх туралы мына пайғамбарлық сөзді оқып берді, осылайша осы пайғамбарлық сөздің Өзі арқылы орындалғанын адамдарға көрсетті:

«Маған Жаратушы Тәңір Ие Өзінің Рухын қондырды.
Жаратқан Ие мені жарлыларға ізгі хабар жеткізуге
және жаралы жүректерді жұбатып орнықтыруға
тағайындады, сондай-ақ тұтқындарға босатылатындарын,
бұғаудағыларға азат болатындарын жар салуға жіберді»
(Иш 61:1-2).

Пайғамбар. Мұса Иса туылғанға дейін шамамен 1400 жыл бұрын Еврей халқының ұлы пайғамбары, діни көшбасшысы және билеушісі болды. Құдай ол арқылы адамдарға сөйлеген. Ол адамдарды Мысырдағы құлдықтан азаттыққа шығарды. Ұлы кереметтер оның қызметімен астаса жүрді, осылайша Құдай оны өз халқының жетекшісі болу үшін жібергендігін дәлелдеп берді. Мұса былай деді:

«Құдай Иелерің сендерге мен сияқты бір пайғамбарды
бауырластарыңның арасынан шығарады. Соның
айтқандарын тыңдаңдар!» (Заң 18:15).

Иса Мұсаға көп жағынан ұқсас болды. Құдай Ол арқылы сөйледі. Ол ұлы кереметтер жасады. Ол адамдарды күнәнің

құлдығынан босатты. Пайғамбар ретінде Иса көптеген оқиғаларды, оның ішінде Өзінің айқыш ағашқа шегеленіп өлетіндігі, үш күннен кейін Өзінің қайта тірілуі, Өзінің көкке көтерілуі және Өз ізбасарларының істерін, Киелі Рухтың келуі, Ізгі хабардың таралуы мен Иерусалимдегі ғибадатхананың қиратылуы туралы пайғамбарлық сөз айтты. Осының бәрі дәл Иса айтқандай орындалды. Оның кейбір пайғамбарлық сөздері қазір де іске асуда. Біз басқа да пайғамбарлық сөздердің де орындалатынын білеміз.

Бас діни қызметкер. Забур жырларын жырлаушы Мәсіх туралы былай жазды:

«Жаратқан былай деп ант берген еді, онысын ешқашан да өзгертпейді: «Мәліксадықтай діни қызметкерсің, мәңгі сондай болып қала да бересің!» (Жыр 109:4).

Мәліксадық Көне Келісімде аты аталған бірінші Бас діни қызметкер болған, демек оны Құдай тікелей Өзі таңдаған болып отыр. Көне Келісімдегі барлық Бас діни қызметкерлер адамдар үшін мінажат етіп, олардың күнәлары үшін құрбандық шалған.

Иса жерде болғанда Өзінің ізбасарлары үшін көп мінажат етті және мінажат етуін қазір де жалғастыруда. Біздің күнәларымыз үшін төлеген құрбандығы – Оның Өз өмірі болды. Қазір де біздер Бас діни қызметкеріміз Иса арқылы Құдай алдына кешірім сұрап бара аламыз. Біз Оған мінажат етіп өтініш жасаған әр кезде біздің Бас діни қызметкеріміз мұқтаждықтарымызды Құдайға жеткізіп отырады.

Патша. Көне Келісімдегі пайғамбарлық сөздерге сәйкес Мәсіх қандай жеңіс әкелуші Патша болуы керек еді! Ол Құдай мен адамзаттың дұшпаны шайтанды жеңіп шығады. Ол күнәні, ауруларды, қайғы-мұңды және тіпті өлімді де жеңеді. Ол зұлымдық күштерін жеңіп, жерде шынайы әділдік пен бейбітшіліктің билігін орнатады. Ол барлық жер бетіндегі мәселелердің шешілуін қамтамасыз етеді. Адамдардың Оның

қайтып келуін осылайша тағатсыздана күтуі таңғаларлық нәрсе емес! Сіздің Ишя пағамбардың жазбасындағы 9:6 аятында оқыған әлем Иесі туралы пайғамбарлық сөздер жалғасын былай табады:

«Оның құрған билігі арта түсіп, орнатқан тыныштығы шексіз болады, Өзі Дәуіттің тағына отырып, мәңгі патшалығын сол кезден бастайды, әділдікпен нығайтып жалғастырып, ақиқатты да ұстанатын болады. Барлық қайрат-жігерімен бұларды әлемнің Иесі іске асырады!» (Иш 9:7).

Сіз Інжілде кей адамдардың Исаны Құдайдың Ұлы деп атағандарын байқайсыз. Ол Дәуіттің тағына заңды мұрагер болды. Оның ізбасарлары Оның кереметтері мен Оның қызмет етуі арқылы Мәсіх орнатуға тиісті тамаша патшалықтың барлық сипаттамаларын көрді. Сол кезде көпшілік Оны Патша етіп таққа отырғызғысы да келді. Бірақ Иса Өзінің әлемдік Патшалығын орнатуға дайын емес еді. Ең алдымен Ол біздің жүрегіміз бен өмірімізге Өз Патшалығының стандарттары мен шарттарын берді. Қазір біздер адамдарға Исаны өмірлерінің Патшасы етіп қабылдау ұсынылып отырған уақытта өмір сүріп жатырмыз. Өзін Патша ретінде қабылдағандардың барлығын да Иса күнәнің және шайтанның билігінен босатады.

Иса – әлемнің шынайы Патшасы. Күндердің бір күнінде Ол Өз ізбасарлары үшін жерге қайтып келеді. Ол Өз Патшалығын барлық адамдарға көрінетіндей етіп орнатады және мәңгілік патшалық ететін болады. Сондықтан да Исаның кім екендігі және Оның сізден нені талап ететіні туралы барлық нәрселерді оқып-білгеніңіз жөн болады.

Тапсырма

9 Мәсіх туралы айтылған пайғамбарлық сөздің санын Иса сол сөзді қалай орындағанын баяндайтын қарама-қарсы бағандағы сөздердің алдына жазыңыз.

- | | | |
|------|---|-----------------------------|
| ...а | Өз өлімін және қайта тірілуін болжады | 1) Адам және Құдай |
| ...ә | Өз өмірін біздің күнәларымыз үшін берді | 2) Құрбандық және Құтқарушы |
| ...б | Дәуіттің тағының заңды мұрагері болды | 3) Пайғамбар |
| ...в | Өзінің ізбасарлары үшін мінажат етті | 4) Бас діни қызметкер |
| ...г | Пәк қыз Мәриямның ұлы болды | 5) Патша |
| ...ғ | Киелі Рухтың күшімен бойға бітті | |

10 Айталық, досыңыз сізден: «Исаның уәде етілген Мәсіх екенін сен қайдан білесің?» деп сұрады делік. Ең жақсы жауаптың алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.

- а)** Иса Көне Келісімде Мәсіх туралы берілген барлық пайғамбарлық сөздерді орындап шықты.
- ә)** Діни адамдардың көпшілігі Исаның жақсы адам және өте дана ұстаз екендігімен келісті.
- б)** Көне Келісімде пайғамбарлардың көпшілігі Майланғанның келуі туралы айтып берді.



Көне Келісімнің Мәсіх туралы пайғамбарлық сөздері жеке-жеке жатқан жіп тәрізді болды. Иса келгеннен кейін ғана адамдар осы жіптердің нақты Иса арқылы бір-бірімен қалайша тамаша, әрі көркем өрілгенін көрді. Келесі сабағымызда біз Исаның Құдай Ұлы екендігі туралы көбірек білетін боламыз.

Өзіңіздің жауаптарыңызды тексеріңіз

- 6 б)** Жаңа Келісімнің «Еврейлерге арналған хат» кітабын оқу.
- 1 б)** Құдай Өзінің пайғамбарлары арқылы берген аяндар.
- 7 ә)** Киелі Рух арқылы бойға біткен.
- 2 а)** Құдай Өз уәделерін орындайтынын дәлелдейді.
- 8 а)** біз үшін өлді.
- 3 а)** Майланған.
- 9 а)** 3) Пайғамбар
ә) 2) Құрбандық және Құтқарушы
б) 5) Патша
в) 4) Бас діни қызметкер
г) 1) Адам және Құдай
ғ) 1) Адам және Құдай
- 4 ә)** 4000 жылдық уақыт кезеңі ішінде әр түрлі уақыттарда.
- 10** Барлық жауаптар дұрыс. Солай бола тұрса да, **а)** жауабы қажетті ақиқатты ұсынатын жалғыз жауап болып табылады. Осы жауап Исаның өмірінің Құтқарушы туралы пайғамбарлық сөздерге сәйкестігі туралы айтады.
- 5** Сіздің жауабыңыз. Адамдардың құрбандық әкелуі өздерінің күнә жасағанын білетінін және Құдай оларға ашуланады деп қорқатынын көрсетеді.